

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КӨЛІК – ЭНЕРГЕТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



*«КӨЛІК ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ» ІХ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАР
ЖИНАҒЫ*

***СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ІХ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО – ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ: «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТРАНСПОРТА И
ЭНЕРГЕТИКИ: ПУТИ ИХ ИННОВАЦИОННОГО РЕШЕНИЯ»***

***PROCEEDINGS OF THE IX INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICE
CONFERENCE «ACTUAL PROBLEMS OF TRANSPORT AND ENERGY:
THE WAYS OF ITS INNOVATIVE SOLUTIONS»***



Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 656
ББК 39.1
А 43

Редакционная коллегия:

Председатель – Мерзадинова Г.Т., проректор по науке и инновациям ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, д.т.н., профессор; Заместитель председателя – Султанов Т.Т., заместитель декана по научной работе, к.т.н., доцент; Сулейменов Т.Б. – декан транспортно-энергетического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, д.т.н., профессор; Председатель «Әдеп» – Ахмедьянов А.У., к.т.н., доцент; Арпабеков М.И. – заведующий кафедрой «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта», д.т.н. профессор; Тогизбаева Б.Б. – заведующий кафедрой «Транспорт, транспортная техника и технологии», д.т.н. профессор; Байхожаева Б.У. – заведующий кафедрой «Стандартизация, сертификация и метрология», д.т.н. профессор; Глазырин С.А. – заведующий кафедрой «Теплоэнергетика», к.т.н., доцент.

А 43 Актуальные проблемы транспорта и энергетики: пути их инновационного решения: IX Международная научно – практическая конференция, Нур-Султан, 19 марта 2021 /Подгот. Г.Т. Мерзадинова, Т.Б. Сулейменов, Т.Т. Султанов – Нур-Султан, 2021. – 600с.

ISBN 978-601-337-515-1

В сборник включены материалы IX Международной научно – практической конференции на тему: «Актуальные проблемы транспорта и энергетики: пути их инновационного решения», проходившей в г. Нур-Султан 19 марта 2021 года.

Тематика статей и докладов участников конференции посвящена актуальным вопросам организации перевозок, движения и эксплуатации транспорта, стандартизации, метрологии и сертификации, транспорту, транспортной техники и технологии, теплоэнергетики и электроэнергетики.

Материалы конференции дают отражение научной деятельности ведущих ученых дальнего, ближнего зарубежья, Республики Казахстан и могут быть полезными для докторантов, магистрантов и студентов.

УДК 656
ББК 39.1

ISBN 978-601-337-515-1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТОМОБИЛЬ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Кендірбаева Диана Мұхиденқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Көлік, көлік техникасы және технологиялары білім беру бағдарламасы бойынша білім
алатын 1-курс магистранты
kdiana-15@mail.ru

Косыбаев Жанат Зкрыевич

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Көлік-энергетика факультетінің
Көлік, көлік техникасы және технологиялар кафедрасының доценті, т.ғ.к., доцент
zhkossybaev@mail.ru

Автокөлікте жүктер мен жолаушыларды тасымалдау технологиясы және де ұйымдастырылуы жағынан біздің еліміздің халық шаруашылығының тұрақты өсуін қанағаттандыруда, оған қоса, жетекші орында. Тасымалдау қажеттіліктерін ұйымдастыруды материалдық пен еңбек ресурстарының ең аз шығындарымен толық, сапалы және өз уақытысымен орындау, автомобильдердің пайдалану сенімділігін арттыру және оларды күтіп ұстау шығындарын азайту, бұлардың барлығы АКК қызметкерлерінің басты мақсаты болып табылады. Бұл міндеттерді орындау қоғамдық пайдалану автомобиль көлігін басымырақ дамытуды, жүктер мен жолаушылардың айналымын көрсеткішін көтеруді, материалдық-техникалық базаны нығайтуды және қаржыларды ірі автокөлік кәсіпорындарының (АКК) орынға жинақталуын талап етіп отыр.

Автомобиль паркін пайдалануды ұйымдастыруды жетілдіру жолымен және де жаңадан автомобильдерді шығару есебінен АКК қызметкерлері мен автомобильдер жұмыстарының тиімділігі артуы ықтимал.

Автомобиль көлігінің ерекшелігіне тоқтала кететін болсақ, әртүрлі климаттық және географиялық жағдайларда жұмыс істеу үшін бейімделген және де үлкен икемділік ие, жақсы өтімділікке ие, көліктің ең көпшілік және ыңғайлы түрі болып саналады. Жүктер мен жолаушыларды тасымалдау кезінде халық шаруашылығымен халықтық қажеттіліктің толық және уақытымен қамтамасыз ету мақсатында, көліктік процестің тиімділігімен орындалу сапасын арттыру мақсатында автокөліктік құралдарды тиімді пайдалануды арттыру қажет, газ балонды автомобильдерді қолдануды едәуір ұлғайту керек. Газ толтыратын станциялар құрылысын салуды да тездеткен жөн. Автокөлік құралдарын агрегаттық әдіспен жөнделуді көбейту қажет.

Қазақстан Еуразиялық құрлықтың ортасында тұрғанымен, кең көлік-коммуникация желісін иелене отырып, халықаралық тасымалдар нарығында, оның ішінде көліктік қызмет көрсету нарығында маңызды ұстанымды қамтамасыз ету үшін жеткілікті әлеуетке ие деп айтсақ қателеспейміз. Әлемдік нарықта тауарларды ауыстыру процесі көліктік қызмет көрсету деген жалпы ұғыммен біріктірілген тұтастай бірқатар жұмыстарды, операцияларды және өзге де іс-қимылдарды орындау қажеттілігіне байланысты болып табылады. Осы қызметтер кешені жүктерді (тауарларды) тиімді, уақтылы және сақталымды жеткізуді, жеткізудің және оны бөлудің тең әрі тұрақты жүйесін қамтамасыз етуі тиіс. Көп жағдайларда жүк жөнелтуші кешенді қызмет көрсетуді алуға мүдделі, сондықтан темір жол көлігінде экспедиторлық қызмет көрсетудің даму деңгейі көп жағдайда еліміздің транзит-көлік әлеуетін іске асыру тиімділігіне өз әсерін тигізеді. Жүк жөнелту пункті бір мемлекетте, ал жүк қабылдау екінші мемлекет аймағында орналасқан, сонымен бірге бірнеше мемлекеттер арқылы транзит тасымалдар халықаралық болып табылады. Қазақстан Республикасы (ҚР) арқылы шет ел жүктерін транзит тасымалдау бекіткен тәртіппен жүзеге асады. Шет ел

жүктерін транзит тасымалдау Ережелері Қазақстанның уәкілетті органдары және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің автомобиль мен теңіз көлігі басқармаларының келісімі көмегімен бекітіледі [1].

Автокөлікте халықаралық жүктерді тасымалдаудың негізгі шартына сәйкес автокөліктік кәсіпорындар жүктерді халықаралық қатынауларда, автокөліктік кәсіпорындар мен жүк жөнелтуші және жүк қабылдаушылар арасында немесе шет елдік сатушылар мен тұтынушылар, экспедиторлар және көліктік фирмалар құрған жылдық келісім шарттар, келіссөздер негізінде жүзеге асырылады.

Көлік пен байланысты дамыту стратегиясы. Инфрақұрылым, көлік пен байланыс саласындағы Қазақстанның міндеті – отандық көлік-коммуникация кешенінің бәсекелестік қабілеті мен Қазақстанның аумағы арқылы өтетін сауда ағымының ұлғайтылуын қамтамасыз ету болып табылады. Көлік халық шаруашылығының әртүрлі салаларының өндірістік – экономикалық байланыстарын қамтиды. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, шет елдермен экономикалық және мәдени байланыстарда, мемлекеттің қорғаныс қабілеттігінде маңызды орында.

Көлік жүйесі қазіргі таңда Қазақстанның орасан зор аумағы мен республиканың экономикалық жағдайын перспективалық дамыту жөніндегі Үкіметтің өршіл жоспарларын ескере отырып, экономиканың қажеттілігін толық көлемде қамти алмайды. Қазақстанның көлік саласын дамытудың алдағы кезеңінің міндеттері қызмет тиімділігін арттыруды, көлік инфрақұрылымы объектілерін жаңадан салуды, қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуды, тауар қозғалысын жеделдету мен көлік шығындарын азайтуды, сала қызметінің қауіпсіздігі мен орнықтылығын, сондай - ақ халық үшін Көлік қызметтерінің қолжетімділік көрсеткішін жоғарылатуды көздейді. Қазақстан көлік саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуының арқасында, елге жаңа техника мен технологиялар келіп түседі, ХБ енгізу жүзеге асырылады.

Көлік жүйесін дамыту мен жетілдірудің қазіргі таңдағы үрдісі логистиканы, логистикалық басқаруды, яғни тауарларды жылдам және сапалы жеткізу бойынша қызметтердің барлық кешенін тарату болып табылады. Көптеген елдерде өндіріс факторларының, атап айтқанда, жұмыс күшінің, инфрақұрылымның қымбаттауы ұлттық деңгейде өндірістің тиімсіздігіне әкеп соғады және оны басқа елдерге ауыстыруға әсерін тигізеді. Әлемдік нарықтардағы қызметтің айқындаушы стратегиясы мәмілелерді ресімдеудің айқындығы мен жоғары жылдамдығы болып саналады. Басқаша айтсақ, дамыған қоғамдардағы қызметтің басты сәті логистиканың күшейіп келе жатқан рөлі болып отыр.

Қазақстанның көлік кешені үшін техникалық құралдар импортының деңгейі жоғары болып келеді, жекелеген салалар бойынша ол 90% - дан асады. Осыған байланысты жылжымалы құрамды, көлік кешенінің жабдықтары мен қосалқы бөлшектерін жөндеу және шығару жөніндегі отандық өндірісті қалыптастыру, атап айтсақ, дамыту керек [4].

Көлік саласындағы ең басты міндет көлік инфрақұрылымы дамудың шектеуші факторына айналатын жағдайдың алдын алу мақсатында елдің жедел экономикалық өсуіне сәйкес жүк және жолаушылар ағынын кеңейтуді және жетілдіруді қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтанда Елдің көлік әлеуетін барынша дамыту басты міндет болып саналады.

Қазақстан арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздері желісін дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы үш басым бағытқа ие:

- Ресей, Еуропа және Балтық елдері;
- Қытай, Жапония және Оңтүстік-Шығыс Азия;
- Орта Азия және Кавказ республикалары, Иран және Түркия.



Сур. 1. Қазақстанның әлемдік нарықтарға шығудағы көлік дәліздері

Аталған бағыттардың әрқайсысында жер үсті мен су магистральдары кешенін қамтитын қалыптасқан халықаралық көлік дәліздері (Сур. 1) бар. Олардың заманауи техникалық жабдықтары да бар және оларда халықаралық транзиттік тасымалдарды біріктіруге арналған.

Қазақстан аумағы арқылы 6 теміржол, 6 автомобиль және 72 әуе дәлізі өтеді. Елді Тынық мұхитының жағалауынан басталып, Еуропаға терең енетін Трансасиялық-еуропалық талшықты-оптикалық байланыс желісі кесіп өтеді. Оңтүстіктен солтүстікке қарай Цифрлық магистраль оны Транссібір оптикалық желісімен байланыстырды.

Елдің көлік-коммуникация кешені жүйесінде халықаралық көлік дәліздерінде орналасқан екі торап ерекше рөл ойнайды - бұл Шығыстағы "Дружба" теміржол өткелі және елдің батысындағы Ақтау теңіз сауда порты болып табылады [1].

Көлік кешенін дамытудың мақсаты отандық экспорттық тауарларды сыртқы нарыққа тиімді жеткізу және оларды пайдаланушыларға көлік қызметтерінің кең жиынтығын көрсету болып саналады.

Нарықтық қатынас көлікпен тасымалдауға шығындарды барынша азайту барысында жүктерді мен жолаушыларды жеткізудің уақытын жылдамдату бойынша қатаң талап бекітеді. Жүкті өндіруші мен оны тұтынушы арасында жүк қожайындарының тасымалдау қызметін көрсету сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етуі тиіс, көліктің қарым-қатынастардың күрделі жүйесі жасалады.

Көлік кешенінде көлік түрлері арасында жүйе элементтері сияқты экономикалық, техникалық, технологиялық және ұйымдастыру-басқару байланыстары мен ақпараттармен және жүктер мен жолаушылар легімен алмасуы бар.

Көлік кешенін басқару мына берілгендерді есепке алумен жүргізілуі тиіс: нарықтағы сыртқы орталарының тәртібін және барлық мүмкін болатын жағдайларды; тұтынуға бағытталған, нарық сұранысын қанағаттандырудың оңтайлы әдістерін әзірлеуді; «дәл мерзімінде» күнтізбесін жабдықтау, өндіріс және көлік координациясын және т.б. Тиімділік пен көлік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың осындай бағыты көліктің барлық буындарының жұмыстарын ұйымдастыру кезінде логистикалық принциптерді орындауды қажет етеді.

Логистикаларды қолдану деңгейі бөлінеді: ішкі өндірістік (өнеркәсіптік көлік); және жоғары деңгей - өндіріспен бірге байланысты көлік кешені.

Көліктің әр түрлерінің немесе әр түрлі технологияларының бәсекеге қабілеттілігі экономика және экология көзқарасы бойынша негізделуі керек. Сонымен, экономика көзқарасынан көліктің басқа түріне жүктің өзін асқын жүктеусіз бірдей жүк бірлігіне көліктің бірнеше түрлерімен жүктерді тізбектеп тасымалдауды қамтамасыз ететін, интермодальды технология пайдаланылады.

Тасымалдау қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды бағыттары бірыңғай жол құжаттары бойынша (трансмодальды тасымалдау) көліктің әр түрлерімен жүктер мен жолаушыларды тасымалдау технологиясын қолдану, сондай-ақ бір диспетчерлік пункттан (амодальды тасымалдау) көліктің әр түрлерімен жүзеге асырылған, жеке маршруттарды ұйымдастыру болып табылады.

Бәсекелестіктің маңызды құралы икемді тарифтерді, әсіресе навигация периодында (су түрлерімен бәсекелестік) қолдану болып табылады.

Жолаушыларды тасымалдауда және жоғары жылдамдықты поездарды пайдалануда аса төменгі бағаның арқасында, темір жол көлігі тасымалдау қызметтері рыногында әуе көлігінен 1000 км дейінгі қашықтықта жолаушылар ағынын қайтарып алады.

Сонымен, тасымалдау қызметтері нарығығында бәсекелестік күресте табыстарды алу үшін, тасымалдаудың дәстүрлі емес тәсілдерін қосып алғанда, көптеген алуан түрлі мүмкіндіктерге ие.

Көліктің әр түрлерінің бәсекеге қабілеттілігі бойынша жоғарыда аталған әдістерді және тәсілдерді жүзеге асыру үшін жаңа көлік құралдарын жасау мен қолданыстағыларын жетілдіру, жаңарту бойынша жұмыстар жүргізу керек.

Көлік саласындағы ғылыми әлеуетті дамытуға бөлінетін қаражат деңгейі жеткіліксіз болып табылады: сараптамалық бағалаулар көрсеткішімен ол дамыған елдердегі 2-2,25% - ға қарағанда көлік кірістерінің 0,1% - дан аз бөлігін алады [3].

Қазақстан негізгі әлемдік нарықтардан артта қалуда. Осы себепті де Қазақстан экономикасы жоғары жүк сыйымдылығымен ерекшеленеді. Жүк тасымалдарының 80% - дан астамы құрғақ жол көлігіне келеді. Көлік мемлекетаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында маңызды рөл атқарады. Олардың қарқынды өсуі республиканың ішкі экономикасы мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту нәтижелері көп жағдайда оның жай - күйіне қатысты болатын көлік кешенін дамытуға жаңа, өсіп келе жатқан талаптарын ұсынады. Саланың айтарлықтай халықаралық әлеуеті бар, ол әлі де жеткілікті түрде іске қосылмаған. Әлемдік сауда-саттық соңғы екі онжылдықта жоғары қарқынмен даму үстінде. Қазіргі кезеңде шамамен \$400 млрд. құрайтын Еуропа мен Азия арасындағы жыл сайынғы тауар айналымы 2015 жылы \$1 трлн. болды. Осыған байланысты, Еуропа мен Азия арасындағы жүк ағындарының өтуі үшін Қазақстанның тиімді геофикалық орналасуын пайдалану орынды, бұл көлік компанияларының бюджеттері мен Қазақстанның мемлекеттік бюджетіне кірістердің өсуіне жәрдемін тигізеді. 2015 жылы ҚР Көлік және коммуникация министрлігі (ККМ) жүк транзитінің көлемі 25 млн. тонна, ал транзиттен түсетін жалпы табыс \$1,5 млрд. Құрады [2].

Көлік кешенінің инфрақұрылымы мен негізгі құралдарының жай-күйі мемлекет пен жеке сектор тарапынан үлкен инвестициялауды талап етеді. Инвестициялар салу және операторлардың бәсекелі нарығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы инфрақұрылымды қалпына келтіруге және жылжымалы құрамды жаңартуға кірісуіміз керек. Бірыңғай көлік жүйесін дамытуды қамтамасыз етудегі автомобиль көлігінің рөлін сипаттайтын мемлекеттік көлік саясатын іске асыру ерекшеліктері мынадай бағыттар бойынша бірқатар бірінші кезектегі міндеттерді шешу қажеттіліктерінен тұрады.

1. Көлік инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту;
2. Автокөлік қызметтері нарығын дамыту;
3. Транзиттік жағдайын пайдалану;
4. Кадрлық әлеуетті инновациялық дамыту және қалыптастыру.

Көлік жүйесінің тиімділігін арттыру оны Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілетті деңгейге жетуіне мүмкіндік береді. Болашақта жолаушы және жүк тасымалының айтарлықтай жоғарылауы қамтамасыз етілетін болады. Өнімнің және көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнының көліктік құраушы біршама төмендейді, отандық экспорттың бәсекеге қабілеттілігі артатын болады. Көлік кешені мемлекет экономикасының негізгі қозғалтқыштарының бірегейіне айналады.

Көлік инфрақұрылымы оны пайдаланушылардан алынатын алымдар мен ілеспе қызметтерді іске асыру есебінен барынша жоғары деңгейде ұсталатын болады. Бұл көлік инфрақұрылымын одан әрі тұрақты дамыту және оны жоғары техникалық және технологиялық деңгейінде ұстап тұру үшін қаржы ресурстарын біріктіруге мүмкіндік туғызады.

Көлік қызметтерінің экспорты есебінен жалпы ұлттық өнімді ұлғайту мүмкіндіктері толық іске асырылмайды, өйткені отандық тасымалдаушылардың көлік қызметтерінің әлемдік нарығындағы жағдайы олардың нақты мүмкіндіктеріне жауап бере алмайды және республиканың транзиттік әлеуеті соңына дейін пайдаланылмайды.

«SkylineGroup» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) – Еуропалық Одақ, (ТМД), Түркия, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) және Қытайдан тауарлар жеткізеді.

Біз шоғырланған лоттар бойынша жүктерді де, жеткізілімдерді де ұсынады.

«SkylineGroup» ЖШС – 1 кг-нан бастап жүк жеткізуді ұсынады. Қазақстан Республикасында және Ресей Федерациясында қызметтер қатарына мыналар кіреді:

Мәскеу, Санкт-Петербург, Вильнюс, Стамбул және Дубайдағы серіктестеріміздің қоймаларында тауарларды сақтау қызметі. Есіктің есігін жеткізу. Тауарларды нақты уақыт режимінде қадағалау, деректер клиенттердің сұранысы бойынша беріледі, бірақ күніне кемінде 1 рет. Егер жүктің құны 250 000 еуродан аспаса, жүкті сақтандыру біздің қызметтеріміздің бағасына кіреді, сонымен қатар сіз қазақстандық сақтандыру компаниялары арқылы қосымша жүктерді сақтандыруға тапсырыс береді.

«SkylineGroup» ЖШС FIATA Халықаралық экспедиторлық қауымдастық федерациясының ережелеріне сәйкес жұмыс істейді және тауарлардың сақталуына және олардың уақытылы жеткізілуіне кепілдік береді [1].

Көліктің әр түрлерінің тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдары

Көлік саласындағы басты міндет көлік инфрақұрылымы дамудың шектеуші факторына айналатын жағдайдың алдын алу мақсатында елдің жедел экономикалық өсуіне сәйкес жүк және жолаушылар ағынын кеңейту мен жетілдіруді қамтамасыз ету деп айтуымызға болады. Тағы бір маңызды міндет-елдің көлік әлеуетін қолдан келгенше дамыту.

Қазақстан аумағы арқылы транзиттік тасымалдарды арттырудың негізгі артықшылығы - арақашықтықты айтарлықтай қысқарту. Тасымалдаудың ең жақсы жағдайында да жүктерді теңіз арқылы Берлиннен Қытайдың Ляньонган портына жеткізу мерзімі 20 күнді құрайды, теміржол бұл уақытты 11 күнге дейін қысқартады, тасымалдау қашықтығы екі есе азаяды.

Экономикалық процестердің жаһандануы елдер арасындағы өзара тиімді сауда үшін халықаралық көлік дәліздерін ұйымдастыруды, барлық мемлекеттерді, әлемдік көлік коммуникацияларына қол жеткізу субъектілерін қамтамасыз етуді талап етеді. Қазақстан үшін алмастырылмайтын буын ретінде қалыптасқан және пысықталған тасымалдау жүйесіне кіру айрықша маңызды болып табылады.

Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia (ТРАСЕСА) жобасының экономикалық аалғышарттарына тоқтала кететін болсақ:

- Еуропаның ең жақын теңіз портына шығу;
- Интермональдық тасымалдарды дамыту;
- Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР) елдері үшін Еуропа тұрақтарына көлік шығындарын азайту болып табылады.

Қазіргі уақытта ТАССЕСА бағдарламасына 13 ел қатысады.

Түркия, Болгария, Румыния, Молдова және Украина ОАР - ның бес еліне және Кавказдың үш еліне қосылды.

Жүргізілген талдау ТМД-ға қатысушы мемлекеттер қызметінің негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді, олар бойынша жақын күндер ішінде заңнаманы үндестіру, стандарттарды біріздендіру және әкімшілік кедергілерді жою бойынша батыл бірлескен күш-жігер қабылдау қажет, оның ішінде:

ТМД Парламентаралық Ассамблеясының модельдік заңдарды әзірлеуі және қабылдауы;

- қолданыстағы аса маңызды заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге егжей-тегжейлі салыстырмалы талдау жүргізу;

- келісімдер мен конвенцияларды тез арада қосу;

- БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (ЕЭК) шеңберінде қабылданған автомобиль көлігі жөніндегі келісімдер мен конвенцияларды тезірек қосу және ратификациялау;

- Техникалық стандарттарды біріздендіру;

- Достастық елдерінің автотасымалдаушылары үшін кедергілерді жою және нарыққа қолжетімділікті арттыру;

- Халықаралық ұйымдардағы қызметті үйлестіру [5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Омаров Е. О., Омарова Ғ.Е. Автомобиль көліктеріне техникалық қызмет пен жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру. Диплом жобасын орындауға арналған оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: 2020.

2. Аболин. С. М. Конкурентоспособность транспортных услуг; учебное пособие М.; ИКЦ «Академ книга», 2004

3. Андрианов Ю. В. Оценка транспортных средств М; Дело 2002

4. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Қазақстанская правда» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы № 80 2006 жылғы 1 сәуірдегі № 75-76 Жарлығы

5. TRACESA 1993-2002/ Тұрақты хатшылық TRACESA. Баку, 2003. - 80 бет

ӘОК 656.13.072:338

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ АВТОБУС ПАРКТЕРІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Куланбаева Жанар Нурлановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Көлік, көлік техникасы және технологиялары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын 1-курс магистранты

kulanbaeva1997@mail.ru

Алипбаев Жасулан Ратканович

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Көлік-энергетика факультетінің

Көлік, көлік техникасы және технологиялар кафедрасының доценті, т.ғ.к.

alipbaev.1977@mail.ru

Автобустар бірқатар артықшылықтарға байланысты жолаушыларды тасымалдау процесінде маңызды рөл атқарады. Қалалық автобустармен жолаушыларды тасымалдаудың сапасы мен тиімділігі көбінесе қолданыстағы қазақстандық және әлемдік стандарттарға сәйкес келмейтін жылжымалы құрамның техникалық дайындық деңгейіне байланысты.